



МҰҚРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№7
(2178)
Сәрсенбі
24 қаңтар
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ БІРҚАТАР НЫСАННЫҢ ЖҰМЫСЫН КӨРДІ

Қазіргі таңда Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентінде екі бірдей нысан жастар игілігіне жұмыс істеп тұр. Ал Ғани ізбасарларына арналған мұндай қос ғимарат тек Қазалы ауданында ғана бар.

Бұған дейін Әйтеке би кентіндегі Қ.Пірімов көшесінде, яғни Жеңіс саябағының жанында орын тепкен жастар үйі жуырда жаңа ғимаратқа қоныс аударды. Соған сәйкес аудан әкімі Мұхтар Оразбаев бұрынғы кенттік клубқа арнайы барып, жастар орталығының жұмысымен танысты.

Аудан басшысы орталықта орналасқан ауқымды ғимарат жастар көп шоғырланатын рухани орталыққа айналсын деген тілегін білдіре отырып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Мұхтар Әуесұлы мұнан соң Әйтеке би кентінен бой көтеріп жатқан спорт кешенінің құрылысын аралап көрді.



Заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілетін нысанды жеке кәсіпкер Нұртай Аманов өз қаржысы есебінен салып жатыр. Мұнда футбол, волейбол, баскетбол спорт түрлеріне арналған 26x46 м болатын спортзалы бар. Сонымен қатар көрермендер үшін 200 орындық, ер және әйел адамдар үшін арнайы киім ау-

ыстыру орындары мен суға түсетін орын қарастырылған. Ал астыңғы бөлігінде жаттығу бөлмесі және үстіңгі қабатта күрес түрлерінің - 12x26 м болатын жаттығу орны бар.

Жеке кәсіпкер Нұртай Жарылқағанұлы ғимарат ақпан айының соңына дейін өз жұмысын бастайтынын айтты.

Аудан басшысы кәсіпкердің

жұмысына сәттілік тілеп, нысанның спортқа құмар жастарға таптырмас орын болатынын жеткізді.

“Қазір қыс мезгілі. Ауа райы күнделікті құбылып тұрғандықтан елді мекенге қатынайтын жолдар мен дария бетіндегі қалқымалы көпір күнделікті назарда болуы тиіс”.

Абай аулындағы қалқымалы көпірді өз көзімен көруге барған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев осылай деді. Сонымен қатар аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Жасұлан Сыдықовқа қалқымалы көпірді бақылауда ұстап отыруды қатаң тапсырды. Сондай-ақ, күн жылынса қайықты дәнекерлеу, тазалау, сырлау жұмыстарын ұмыт қалдырмауды тапсырды.

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев кезектілікке сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, талап-тілектерін тыңдады.

Тұрғындар аудан басшысына өздерінің мәселелерін жеке-жеке жеткізіп, оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Қабылдауға келушілердің басым бөлігі тұрғын үй мәселесін көтерді. Одан бөлек, жер кезегі, тұрақты жұмысқа

орналастыру және өздерін мазалаған жеке түйткілдерін жеткізді.

Қабылдау барысында Мұхтар Әуесұлы әрбір тұрғынды тыңдап, заңдылыққа сәйкес түсініктеме берді. Сондай-ақ, көтерілген мәселелерге қатысты кент, қала әкімдері мен сала басшыларына тапсырма жүктеді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БАСТЫ МІНДЕТ!

– Қоршаған орта адамзат баласы мен барлық тіршілік иесіне тиесілі мекен. Қазіргі уақытта ауа, өзен-көлдердің біразы ластанған. Оған себеп: табиғат пен қоғам арасындағы әлеуметтік, экологиялық жағдайлар. Өндірістік кәсіпорындар мен зауыттардың улы түтіндерінің әсері ауаның ластануына әкеліп соғады.

Қазіргі уақыттағы экономикалық өзгерістер қоршаған ортасына бұрын-соңды болмаған іс-әрекеттерімен ықпал етіп жатыр. Қоршаған ортаға әсер етіп жатқан келеңсіз өзгерістердің көбі адам қолымен жасалады. Сондықтан әлем қоршаған ортаны заңдылықтарымен санасқаны жөн.

Экология – қоршаған ортаның ластанбауын, адам өміріне зиян тигізбей таза болуын қадағалайды. Қазіргі қоғамда экологиялық жағдайлар үлкен мәселе туғызуда. Күнделікті өмірде мініп жүрген көліктердің өзі де ауаны ластауға әсер етеді. Қоршаған ортаның ластануына тек ауаның ластануы ғана емес табиғаттың бүлінуі де жатады. Мысалы, табиғатта өмір сүріп жатқан әрбір жан-жануарлар мен өсімдіктердің жойылып кетуі жер бетіне үлкен зиян келтіреді. Соған байланысты Қазақстан Республикасында 1997 жыл-

дан бастап «Қоршаған ортаны қорғау» туралы заң күшіне енген болатын. Сондай-ақ, табиғаттағы өсімдіктер мен жан-жануарларды қорғау мақсатында әртүрлі қорғау ұйымдары ашылды. Жойылуға аз қалған тіршілік иелерін қорықтарда өсіріп, оларды көбейту қолға алынды. Табиғат пен адамзатты бір-бірінен бөліп қарауға болмайды.

Сондықтан адам баласы табиғатқа сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімдік сақтаса қоршаған табиғат біз үшін құтты қоныс болары сөзсіз. Қоршаған ортаны таза ұстау өз қолымызда және міндетіміз.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

ЖОБА

Қазалы ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына және «Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 347 бұйрығына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсандағы қоса алғанда Қазалы ауданында туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері – болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Қазалы ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы шешім жобасына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№ Түсіндірме жазбада көрсетілуге тиіс мәліметтердің тізбесі

Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты
1 Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы

«Қазалы ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» КММ

2 Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына іске асырылады

3 Жобабойынша қаржышығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі) Жобаны іске асыруға байланысты, қаржы

шығындары қажет етілмейді.

4 Жоба қабылданған жағдайда болжанын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы

Жоба қабылданған жағдайда болжанын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдары жоқ

5 Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері

2024 жылға бастап Қазалы ауданы бойынша туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері бекіту

6 Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер.

Жоқ

7 Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы.

Жоқ

8 Нормативтік құқықтық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталын-

да орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны)

Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 15.01.2024 ж. орналастырылды.

Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына 15.01.2024 ж. жарияланды.

9 Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат

Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 15.01.2024 ж. орналастырылды.

10 Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі.

Жоқ

11 Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері.

Жоқ.

А.БӨРІҚҰЛАҚОВ,
Қазалы ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы

ПРОЕКТ

Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2024 год по Казалинскому району

В соответствии с пунктом 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и приказ и.о. Министра туризма и спорта Республики Казахстан от 27 декабря 2023 года № 347 «О внесении изменений в приказ Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14 июля 2023 года № 181 «Об утверждении Правил уплаты туристского взноса для иностранцев», Казалинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить ставки туристского взноса для иностранцев в местах размещения туристов в Казалинском районе с 1 января по 31 декабря 2024 года включительно – 0 (ноль) процентов от стоимости пребывания.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА**к проекту Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2024 год по Казалинскому району**

№ Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке

Информация государственного органа разработчика

1 Наименование государственного органа-разработчика

Коммунальное государственное учреждение «Отдел предпринимательства, промышленности и туризма Казалинского района»

2 Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, Руководства Администрации Президента, Правительства и Аппарата Правительства и/или другие основания необходимости его принятия

В соответствии с пунктом 2-10 статьи 6 За-

кона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан»

3 Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прилагаются к пояснительной записке)

Не повлечет финансовые затраты, связанные с реализацией проекта.

4 Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияния положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности

не имеет предполагаемые социально-эко-

номические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта

5 Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов


Утвердить ставки туристского взноса для иностранцев в местах размещения туристов по Казалинскому району на 2024 год

6 Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации.

Нет

7 Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости.

Нет



ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

к проекту Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2024 год по Казалинскому району

8 Информация о размещении проек-та нормативного правового акта на интер-нет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых норма-тивных правовых актов (дата, количество байт)

Размещено на сайте интернет-ресурса акимата Казалинского района 15.01.2024 г.

Опубликовано на интернет-портал от-крытых нормативных правовых актов 15.01.2024г.

9 Информация о размещении пресс-

релиза к проекту нормативного правового акта, имеющему социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных госу-дарственных органов

Размещено на сайте интернет-ресурса акимата Казалинского района 15.01.2024 г.

10 Соответствие проекта нормативно-го правового акта международным дого-ворам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан.

Нет

11 Результаты расчетов, подтвержда-ющих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нор-мативного правового акта.

Нет.

А.БӨРІҚҰЛАҚОВ,
Руководитель коммунального
государственного
учреждения «Отдел
предпринимательства,
промышленности и туризма
Казалинского района»

САРМАН МЕН МАХАМБЕТ

Қазалылық көнекөз қариялардың айтуын-ша 1930-1940 жылдары «Қарлаң» дария өткелінің маңында Степан есімді Орал казагы тұрыпты. Сте-пан ауқатты, жылқы малын бағумен айналысады екен.

Арал аймағына барымташылығымен аса танымал болған, Арал, Қазалы ауданының халқы «Ұры Сарман» атап кет-кен адам Степанның бір түнде екі бірдей атын ұрлап әкетеді. Аттың бірі ірі қара торы, екіншісі сары түсті, әрқайсылары өте бағалы да асыл тұқымды жылқы бол-са керек. Степанның көзінің қарашығындай сақтап ерекше күтімге алып бағып жүрген екі атын Сарманның ұрлағаны белгілі бола-ды. Бірақ денесін қалың түк басқан, қаба сақалды, денелі, қарапайым мо-мын қазақтар түрінен сескенеңдіктей болса да Сте-пан Сарманға барып атым-ды ұрлады деп дауласуға оның дақпыртымен, өжет қандықолдығынан сескенең жүрегі дауаламайды. «Жалмауызға да жан керек» дегендей қазақтарға сұсты көрінетін Степан Сарманға тікелей өзі баруға тәуекелі жетпейді, әрі Сарманның тірі жібермейтін кең даланың еркін жүрген нағыз көкжалы екенінде біледі.

Қауға сақал Степан Қазалы қаласында тұратын елге белгілі палуан, өзі тиме-се өзге жанға жаманшылығы жоқ, орасан қара күш иесі, менмін деген тентектерді тәубесіне келтіретін Махам-бетке өтініш жасайды. Сте-пан Махамбетке жағдайын толық баяндап:

-Тамыр, мен аттарымды даулап ұры Сарманға бар-сам ол мені тірі жібермейді, сөзсіз өлтіреді. Соған сіз барсаңыз, Сары атты саған басы байлы сыйлар едім. Ұры Сарманнан аттарды алып келу, тамыр тек сенің ғана қолыңнан келеді деп жалыныпты.

Махамбет қалай бо-лар екен деп көп ойланып-ты. Пендешілікпен сары атқа да қызығады. Бірақ

аттарды алып келе алса жақсы. Ұры Сарман осал жау емес. Онымен тіл та-бысу жағы қалай болмақ. Мәмілеге келмей Сар-ман барымташылығымен өркөкіректік көкжалдығына басса ол өте қауіпті жан. Тірі жібермеуі де мүмкін. Бірақ Степанның екі атын айтып аузының суы құрып отырған қазақтарды талай көрген, сөздерінде естіген. Сәті түсіп сары ат қолыма тисе депте қиялдайды. Ақыры ойлана – ойлана келісімін береді.

Ертұрман әбзелімен Степан әкелген жарамды айғырға сегіз өрім, бұзау тіс бүлдіргілі қамшысын қолына алып біссімліләсін айтып мінеді. Теңіз жағалауын қоныстанған елден сұрастырып ұры Сарманның тұрақты мекенін табады. Оның тұрып жатқан жері теңіздің көпшілік біле де, бара да бермейтін қуысы екен. Зер салып қараса қара торы атпен сары ат керме-де байлаулы тұр. Ақшағыл қырат құмның үстінде шынтақтап қозғалмастан сұрғылт жолбарыс көзін бұған қадап жатырған Сар-манды көреді. Бірін-бірі бұрыннан сырттайда болса танитын Сарман Махамбет-ке:

-Ау, Мәке бұл жерге не шаруамен келдің? –дейді ғой.

Махамбет:

-Ағаң айдың – күннің ама-нында жаяу қалып Сарман інісінен ат мінгелі келді-, дейді.

Сарман:

-Мен бұл аттарды «Қарлаңнан» саған беру үшін әкелгенім жоқ деп ежірейеді. Сөйтеді де кер-меде ерттеулі тұрған аты-на мінеді де қолына жуан өрілген қамшысын білемдеп ұстап құмшауытқа қарай жорытып барады да қайта қайырылып «ал Махамбет қамдан» деп бұған қарсы шабады. Махамбетте қарсы ұмтылады. Қапталдан жа-намайлап келген Сарман қарсыласының жауырынан қамшымен бір тартып өтеді. Махамбет жойқын соққыдан ат үстінде теңселіңкіреп

барып бойын әрең деген-де тіктейді. Пәтшағардың қамшымен ұру тәсілінің мықтылығы мен қолының қаттысын-ай, екінші рет ұрғанда не болармын деген ой да Махамбеттің санасы-нан сырғып өтеді. Ойлануға уақыт жоқ. Сөйткенше Сар-ман екінші рет екпіндеп келіп қалады. Махамбетте қарсы бір рет қамшы қолданады. Бірақ Сарман сәл теңселіп кеткені болмаса құламай тез тіктеліп кетеді. Одан соң екеуі аттарынан түсе салып алысады, екі дәу бірін-бірі ала алмай жұлқысып әбден қалжырап жерге отыра кетеді. Ентігін басып біраз отырғаннан кейін Сарман атына мініп «кеттік» дейді. Күн де кешкіріп қалады. Әудем жер жүріп бір үйге келіп Сарман «хабарлас» деп дауыстайды. Үйден бір ер кісі шығады. Екі атты әлгі жігітке тапсырады да екеуі үйге кіреді. Шай дайын-дау қамына дайындалған әйелге Сарман «бізге шәй – тамақ дайындап әуреленбе, екеуімізге төсек салып бер, демаламыз. Өзіміз қашан оянғанша оятпандар» деп салынған төсекке әбден шаршаған екеуі жата кетеді.

Денелері дел-сал бо-лып қалған екі алып денелі адам ертеңіне күн шыға төсектерінен зорға тұрады. Сарман Махамбетті сол үйде жақсылап тамақтандырып, тойдырып, кеулін жайлан-дырып Степанның қара торы атымен сары атын әкеліп беріп біраз жерге дейін өзі шығарып салады.

Екеуі бұдан былай дос болуға уағдаласады. Ар-маны орындалып, кеуілі бірленіп, қауға сақал Степанның өтінішін орындаған Махамбет тікелей «Қарлаңға» келіп екі атты иесіне табыстайды.

-Рахмет тамыр,-деп қуанған күжбан денелі Сте-пан уәде-уәде деп сары аттың шылбырын Махамбет-ке ұстатқан екен.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
«ҚР ішкі істер
министрлігінің құрметті
ардагері»
белгісінің иегері

ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕСТЕ
САҚТАҒАН ЖӨН

Өрт-бұл әрқашанда қасірет. Алайда, өрт болған жағдайда мінез-құлықтың қарапайым ережелерін бәрі бірдей біле бермейді. Тіпті 101 өрт сөндіру қызметінің нөмірі дүрбелеңмен ұмытылады. Қиын жағдайда Сізге көмектесетін бірнеше қарапайым кеңестердің бірі ешқашан дүрбелең болмаңыз!

Бірінші кезекте тұрғын үй секторындағы өрттердің туындауының негізгі себептері мыналар екенін білу қажет:

-отпен байқамай әрекет қылу (темекі шегу, от жағу және т.б.);

-электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электр жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс жасауы, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу);

- пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да жы-лыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы;

-балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және т.б. сіріңкемен және күн түсетін заттармен ойнау);

-өртеу, өрт жіберу.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет:

- шұғыл «101» немесе «112» телефондары-на өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз;

-өрт болған кезде (тұрғын үйден неме-се пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы зат-тарды алыңыз;

-өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын-алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

-тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарап, 2 айда 1 рет мұржаларды тазар-ту керек;

-тек зауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

-үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазарты-луы тиіс;

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

-әрбір пештің жағу саңылауының ал-дына 50×70 см кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлықпен қарап, сақ болыңыздар!

Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ — БАУЫРЫМЫЗ

•Еске алу



Зырылдап, зулап өтіп жатқан уақыт. Өткен 2023 жылы жасындай жарқылдап, күндей күлімдеп, айналасына шуағын шашып, шаруаның бәрін тындырып, халықтың тойларында асаба болып жұртшылықтың ыстық ықыласы мен батасын алып, елпілдеп жүрген жаны жайсаң Асылбек бауырымыз қырық жеті жасында мезгілсіз бақиға аттанып кете барды. Асылбектің өмірі қысқа болғанымен біраз шаруаны тындырып кетті десекте болады. Ол аяулы жар, асыл әке, ағайын-туысқа бауыр, қимас дос, әлсізге қамқоршы, мейірімді болды. Ойлаған мақсатына жетпейтынбайтын, өте шапшаң шешім қабылдайтын қайсар

мінезді, аңғалдығы да басым ерекше жан еді. Оның алға қойған мақсаты көп болатын. Өттең, сұм ажал осындай асыл азаматтарымызды мақсат-мұратына жеткізбей, жер қойнына ерте алып кететіні қабырғамызды қайыстырады. Артында жылап-сықтап аяулы жары, бес баласы, қадірлі қарындастары, аға-жеңгелері, іні-келіндері, жора-жолдас, қатар-құрбы, достары, алыс-жақын, ағайын-туыс бауырлары, нағашы-жиендері, бөле, балдыздары, құда-жекжаттары, көршілері егіліп қала берді. Амал нешік тағдырдың жазғанына көнемізде.

Айналайын Асылбегім ардағым,

Сені еске алып, құса болды-ау жан-жағың.

Ағайынға керек едің амал не?

Көремізде бұл тағдырдың жазғанын.

2024 жылдың оныншы ақпанында Асылбек Сырашұлы Рсалиев бауырымыздың жылдық асы сағат 12-00 өтетінін хабарлаймыз.

Өтетін орны: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Мұхтар Әуезов көшесі, 2А, «Халық мешіті». Ас беруші: Рсалиевтер әулеті.

ІС-ШАРА ӨТКІЗІЛДІ!



Қазалы аграрлы - техникалық колледжінде кітапханашы Сансызбай Алтынгүлдің ұйымдастыруымен "Оқуға құштар колледж" тұжырымдамасын іске асыру мақсатында "2023 жылы өзім оқыған ең қызықты кітап" атты бук-слэм өткізілді.

Аталған шараға 23-1 Бағдарламалық қамтамасыз ету, 23-3 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, 22-2 Есептеуіш техникасы және ақпараттық желілер мамандықтарының оқуға құштар студенттері қатысты.

Студент жастарымыз қазақ әдебиетінің шоқтығы биік туындылары М. Әуезовтің "Көксерек", Ж. Аймауытовтың "Ақбілек" және Б. Соқпақбаевтың "Менің атым - Қожа" атты кітаптарын талдап, өзара сайысқа түсті. Сайыс екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде әр оқырман өзінің оқыған кітабының 5 минут мазмұнымен таныстырды.

Екінші кезең сұрақ-жауап түрінде өрбіп, студенттер өздерінің тапқырлығы мен білімдерін көрсете алды.

Іс-шара студенттердің рухын көтеріп, кітап оқуға деген қызығушылығын арттырды. Олар оқыған кітаптарына шолу жасай отырып, бір-біріне кітап оқуға кеңес берді.

Шара соңында әділ қазылар алқасының қорытындысымен сайысқа белсене қатысқандар алғыс хатпен марапатталды.

Алтынгүл САНСЫЗБАЙ,
Колледж кітапханашысы

•Маманның кеңесі—

ҚЫЗЫЛША АУРУЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қызылша жұқпасының адам ағзасына келтіретін зардабы орасан. Қызылша — жедел жұқпалы ауру. Негізгі белгілері: адамның қызуы көтеріліп, теріде бөртпелер пайда болып, көзі қызарып, тыныс ағзалары зақымданады.

Ауру тек науқас адамнан жұғады. Аурудың жасырын кезеңінің 2-ші күнінен бастап денедегі бөртпелер 4 күн аралығында қатынаста болған адамдарға тыныс алу арқылы ауадан жұғады. Адам бұрын қызылшамен ауырмаған болса, не егілмеген жағдайда, өзіне жұқтырады.

Қызылшаның белгілері, өрбуі. Жасырын кезеңі 9-11 күн, егер иммуноглобулин алған болса, жасырын кезеңі 15-21 күнге дейін созылуы мүмкін. Алғашқы белгілері: адамның

қызуы көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті нашарлап, мұрнынан су ағып, ащы жөтел пайда болып, көзі қызарып қабынады. Одан жұмсақ және қатқыл таңдайда кейін теңбіл (пятнистая) бөртпелер пайда болады. Екі ұрттың үстінде қызылшаға тән майда ақшыл бөртпелер кілегей қабығының үстінде ерекшеленіп тұрады.

Қызылша бөртпелерінің ерекшелігі: бірінші күні бөртпе бетте, мойында, екінші күні денеде, қол, сан терілерінде, үшінші күні балтыр, аяқтарда шығады, ол күні беттегі бөртпелер бозарады. Бөртпелер көлемі 2 мм болып, кейде бірнешеуі бірігеді, дегенмен әрбір бөртпелер арасында таза тері көрініп тұрады. 3-4 күннен кейін бөртпелер бозарып, орны қоңырланып, жұқа

қабыршықтар қалады.

Қызылшаға көздің қызарып, қабынуы, ірің шығып, таңертең кірпіктерін ашудың қиындығы, мойын артында, қолтық бездерінің үлкеюі, ұстағанда ауырсынуы тән. Кейде өкпеде сырыл естілуі, кейбір науқастың іші ауырып, аздап өтуі мүмкін.

Қызылша асқынғанда ағзаның орталық жүйке жүйесінің жұмысы зақымдалып, жүйкенің қабынуынан өзгерістер көп болады. Теріде қызылша бөртпелері шықпай тұрғанда, науқастың қызылшамен ауырған ортада болуы, тамағындағы қабыну, көздің қызаруы, ұртта ақшыл бөртпелердің пайда болуы диагнозды растайды. Кейін теріде үш күнде біртіндеп шыққан бөртпелер диагнозды толық

дәлелдейді..

Науқастар үйде емделеді, ешкімге жұқпауы үшін, жұғу кезеңінде төсекте жатады. Көзіне күн жарығы түспейтіндей жағдай керек, көзін тазалап, 2% сульфаций натрий сұйығын көзге 3-4 рет тамызады. Науқасқа мол құнарлы сұйықтар беріледі. Шағымына байланысты жазылғанша дәрігер бақылауы қажет.

Қызылша ауруының алдын алу — уақытылы егу жұмыстарын жүргізу, үйде қызылшамен ауырған науқас болғанда қарым-қатынасты шектеу керек.

Ранайкүл САХАНОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.